

**Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 03/02 "Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативін, қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды, сондай-ақ асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 39/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 шілдеде № 3335 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 05/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 26.01.2016 № 05/01 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 1300 " 2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3 -1/600 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9987 болып тіркелген) сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қарағанды облысының әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 03/02 " Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100 %-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативін, қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды, сондай-ақ асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2954 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 ақпандағы № 19-20 (21 905) "Орталық Қазақстан" және 2015 жылғы 10 ақпандағы № 15-16 (21766-21767) "

Индустриальная Караганда" газеттерінде, 2015 жылдың 9 ақпанында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін: нұсқалған қаулының 3 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. "Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а р а ғ а н д ы                      о б л ы с ы н ы ң  
 әкімі    Н. Әбдібеков  
 "КЕЛІСІЛДІ"

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
 А у ы л                      ш а р у а ш ы л ы ғы                      м и н и с т р і  
 А. Мамытбеков

2015 жылғы 15 шілде

Қарағанды облысы әкімдігінің  
 2015 жылғы 14 шілдедегі №  
 39/01 қаулысына қосымша  
 Қарағанды облысы әкімдігінің  
 2015 жылғы 23 қаңтардағы №  
 03/02                                      қаулысына  
 3-қосымша

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері**

Сала атауы	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативі, теңге	Субсидиялау көлемі	Субсидиялар сомасы теңге
1	2	3	4	5	6
	Асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басымен селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	бас	20 000 6	3 00 126	0
	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басымен селекциялық және асылдандыру	бас	18 000 76	610	

	жұмысын жүргізу					1	378	9
Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	154	000	3 200	492		8
	Импорталған асыл тұқымды селекциялық ірі қара мал сатып алу	бас	118	000	6 20	73		1
	Жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	104	000	2 50	26		0
	Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату 3 деңгей	тонна	100	000	1 80	18		0
	Бұқашықтарды субсидиялаудың бірінші деңгейіндегі бордақылау алаңдарына немесе операторға өткізу	бас	24	000	1 500	36		0
	<b>Барлық сома</b>						<b>2</b>	<b>150</b>
сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы	Асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу	бас	20	000	2 00	4		0
	Сүт өндірісінің құнын арзандату	тонна			8 300	89		5
	2 деңгей	тонна	15	000	1 300	19		5
	3 деңгей	тонна	10	000	7 000	70		0
	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұймыдастыру	бас	4	004	15 000	60		0
<b>Барлық сома</b>						<b>153</b>	<b>5</b>	
етті бағыттағы құс шаруашылығы	Құс еті өндірісінің құнын арзандату				5 833	385		0
	2 деңгей	тонна	66	000	5 833	385		0
	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік нысандағы етті							

	бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу	бас	3 0 0	75	200	22	5
Барлық сома						407	5
жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы	Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату						
	1 деңгей	мың дана	3	0 0 0	476	221	428 6
Барлық сома						1 428	6
қой шарушылығы	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басымен селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	бас	1	5 0 0	130	000	195 0
	Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтар сатып алу	бас	8	0 0 0	5	7 8 5	46 2
	Қой еті (козы еті) өндірісінің құнын арзандату						
	1 деңгей	тонна	200	000	7 5 0	150	0
	2 деңгей	тонна	100	000	6 0 0	60	0
Барлық сома						451	2
Жылқы шаруашылығы	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	40	000	7 0 0	28	0
	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату	тонна	92	000	1	4 5 3	133 6
Барлық сома						161	6
	Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату	тонна	98	000	3	2 0 0	313 6
Барлық сома						313	6
Ж И Ы Н Ы						5 067	2

